Ақтау қаласы әкімдігі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдамалық анықтама

Ақтау қ. **14.08.2026 ж.**

Қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын мемлекеттік мекемелер атауы: Ақтау қаласы әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекемелер:

1. «Ақтау қаласы әкімі аппараты» ММ;
2. «Ақтау қалалық тұрғын үй инспекциясы» ММ:
3. «Өмірзақ ауылы әкімі аппараты» ММ;
4. «Ақтау қалалық құрылыс бөлімі» ММ;
5. «Ақтау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ;
6. «Ақтау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ:
7. «Ақтау қалалық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі» ММ;
8. «Ақтау қалалық қаржы бөлімі» ММ;
9. «Ақтау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ
10. «Ақтау қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ;
11. «Ақтау қалалық жер қатынастар бөлімі» ММ
12. «Ақтау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі» ММ:
13. «Ақтау қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ:
14. «Ақтау қалалық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ.

Сондай-ақ ішкі талдауға жататын квазимемлекеттік мекемелер атауы: Ақтау қаласы әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекемелер:

1. Ақтау қаласы әкімдігінің «Ақтау электр желілері басқармасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны:
2. Ақтау қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтау тұрғын үй» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;
3. Ақтау қалалық әкімдігінің жедел басқару құқығындағы «Абай мәдени-демалыс кешені» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін құрылымдық бөлімше, лауазымды тұлға (лауазымды адамдар) немесе жұмыс тобының дербес құрамы:

Ақтау қаласы әкімі аппаратының
басшысы, әдеп жөніндегі уәкіл,
Жұмыс тобының төрағасы: А.Нұржаубай
Мүшелері: Н.Жылқайдарұлы
Н.Серикова
Ш.Сармуханова
Хатшы: Н.Нұрниязұлы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтитын кезең: 2025 жылдың 1 қаңтар-31 желтоқсан аралығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2026 жылдың 1-31 шілде аралығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) Талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бөлімдердің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталмады.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі бойынша келесі мәселелер қаралды:

-персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау,

- міндетті арнайы тексеруден өту тәртібін сақтау, тәлімгерді тағайындау,

- тағылымдамадан өту,

- мүдделер қақтығысын реттеу,

- мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жазаға тарту,

- сенімгерлік басқаруға беру тәртібін сақтау,

- мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы мен мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексі талабын сақтауы,

- мемлекеттік қызметтер көрсету,

- рұқсат беру функцияларын іске асыру,

- бақылау-тексеру функцияларын іске асыру,

Жұмыс тобымен 2026 жылдың 1-31 шілде аралығында Ақтау қаласы әкімдігі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесі бойынша, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Ақтау қаласы әкімі аппаратының
басшысы, әдеп жөніндегі уәкіл,
Жұмыс тобының төрағасы: **А.Нұржаубай**

Мүшелері: **Н.Жылқайдарұлы**

Н.Серикова

Ш.Сармуханова

Хатшы: **Н.Нұрниязұлы**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау туралы ақпарат

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» № 410-V ҚРЗ Заңының 8-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес, сондай-ақ Ақтау қаласы Аппарат басшысының 2026 жылғы «24» Маусым № 1-б бұйрығын орындау мақсатында жұмыс тобының жетекшісі – Ақтау қаласы әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі уәкіл А.Нұржаубай және жұмыс тобының мүшелері: Ақтау қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы м.а Н.Жылқайдарұлы, Ақтау қаласы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметінің басшысы Н.Серикова, Ақтау қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік қызмет көрсетуді мониторингілеу бөлімінің басшысы Ш.Сармуханова, жұмыс тобының хатшысы — Ақтау қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімі инспекторы Н.Нұрниязұлы 2025 жылдың 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығы бойынша Ақтау қаласы әкімінің аппаратында (бұдан әрі - Аппарат) ішкі талдау жүргізді.

I. Мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Аппарат өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, қалалық мәслихаттың шешімдеріне, қала әкімдігінің қаулыларына сәйкес жүзеге асырады.

Персоналды басқару, штат, кадрлардың ауысуы.

Ақтау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 28 қазандағы «Ақтау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің құрылымын бекіту туралы» №11-07-2576 қаулысы негізінде аппараттың құрылымы мен мемлекеттік қызметкерлердің штаттық саны төмендегідей болып бекітілді:

№	Лауазымдардың атауы	Штаттық саны,бірлікте	Лауазымдардың санаты
1	Ақтау қаласының әкімі	1	Саяси
2	Ақтау қаласы әкімінің орынбасары	4	Е-1
3	Ақтау қаласы әкімінің аппарат басшысы	1	Е-2
4	Бұқаралық құралдарымен байланыс жөніндегі бас инспектор	1	Е-3
5	Төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс және жұмылдыру дайындығы жөніндегі бас инспектор	1	Е-3
6	Терроризмге қарсы іс-қимыл және аумақтық қорғаныс жөніндегі бас инспектор	1	Е-3
7	Ұйымдастыру - бақылау бөлімінің басшысы	1	Е-3
8	Ұйымдастыру бақылау бөлімінің сайлау бойынша бас инспектор	1	Е-3
9	Ұйымдастыру - бақылау бөлімінің әкімдіктің мәжілістері мен шараларды ұйымдастыру жөніндегі бас инспектор	1	Е-3
10	Персоналды басқару қызметінің басшысы	1	Е-3
11	Персоналды басқару қызметінің кадр жөніндегі бас инспекторы	1	Е-3
12	Персоналды басқару қызметінің кадр мәселелері жөніндегі бас инспекторы	1	Е-3
13	Құжаттамалық камтамасыз ету және бақылау бөлімінің басшысы	1	Е-3
14	Құжаттамалық камтамасыз ету және бақылау бөлімінің құжаттарды бақылау жөніндегі бас инспекторы	1	Е-3

15	Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша бас маман	1	Е-4
16	Мемлекеттік қызмет көрсетуді мониторингілеу бөлімінің басшысы	1	Е-3
17	Мемлекеттік қызмет көрсетуді мониторингілеу бөлімінің көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасын бақылау жөніндегі бас инспектор	1	Е-3
18	Мемлекеттік – құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы	1	Е-3
19	Мемлекеттік – құқықтық жұмыс бөлімінің сотқа мүдделік ету бойынша бас инспектор	1	Е-3
20	Мемлекеттік – құқықтық жұмыс бөлімінің нормативтікқұқықтық актілері мен жұмыс бойынша бас маман	1	Е-4
21	Қаржы-шаруашылық қызметі бөлімінің басшысы	1	Е-3
22	Қаржы-шаруашылық қызметі бөлімінің бас инспектор- есепшісі	1	Е-3
23	Қаржы-шаруашылық қызметі бөлімінің бас маманы	1	Е-4
24	Цифрландыру және ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы	1	Е-3
25	Цифрландыру және ақпараттық технологиялар бөлімінің бас маманы	1	Е-4
Барлығы		28	
Техникалық қызметкерлер		19	

Мекеменің құрылымы мен штаттық саны 28 бірлікті сонымен қатар техникалық қызметкерлер саны **19 бірлікті** құрайды. 2026 жылдың есепті мерзімінде Ақтау қаласы әкімдігі бойынша барлығы 32 мемлекеттік қызметкер атқаратын қызметінен босатылды *(конкурс нәтижесі негізінде басқа мемлекеттік органдарға тағайындалуына байланысты, өз еркімен, негізгі қызметкердің жұмысқа шығуына байланысты, ауысу тәртібі негізінде. құрылымдық өзгерістерге байланысты және т.б.).*

Міндетті арнайы тексеруден өту тәртібін сақтау.

Тексеру барысында қызметкерлердің жеке істерінде міндетті арнайы тексеру нәтижелері толығымен тігілген, жаңадан тағайындалған тұлғалардың құжаттары міндетті арнайы тексеруге уақытылы жолданылған.

Тәлімгерді тағайындау бойынша.

Талдау уақыты аралығында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы №21 бұйрығына сәйкес 11 сынақтан өтушіге (мерзімі кезеңіне) 18 тәлімгер бекітілді.

Тағылымдамадан өту бойынша.

Есепті кезеңде тағылымдамадан өткен мемлекеттік қызметшілердің саны 19-ды құрайды.

Мүдделер қақтығысы мәселелері.

Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруда мүдделер қақтығысы орын алмағандығы анықталды. Мемлекеттік қызметшілермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылданған. Мемлекеттік мекемеде ерлі-зайыптылар, қызметкерлердің бір-біріне жақын туысқандарының қызмет атқаруы анықталған жоқ.

Аппараттың мемлекеттік сатып алу рәсімінің жүргізілуін қамтамасыз ету қаржы-шаруашылық қызметі бөліміне жүктелген. Мемлекеттік сатып алуды өткізу барысы мемлекеттік сатып алудың бірыңғай электронды порталы арқылы жүзеге асырылады.

Жылдық жоспар бойынша мемлекеттік мекеменің негізгі функцияларын қамтамасыз ету мақсатында қажетті тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V ҚРЗ Заңын (бұдан әрі - Заң) басшылыққа ала отырып жүзеге асырылған. Мемлекеттік сатып алу шарттары, шот-фактура, жөнелтпе құжаттары электронды нысанда рәсімделеді. Талдау барысында мемлекеттік сатып алу кезеңінде лауазымды тұлғалардың бірігуі, белгілі бір тұлғалардың мүдделерінің жақталуының орын алуы, алдын ала сөйлесу, сөз байласу тәуекелдері анықталған жоқ. Мемлекеттік сатып алу рәсімдері ашықтық, жариялылық, барлық тараптарға теңдік дәреже принципіне негізделіп, Заң талаптарына сәйкес жасалған.

Мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жазаға тарту тәртібін сақтау.

Есепті мерзімде Ақтау қаласының әкімдігі бойынша 33 мемлекеттік қызметші тәртіптік жазаға тартылды.

Олар, 25 «Ескерту», 6 «Сөгіс», 2 «қатаң сөгіс» түріндегі тәртіптік жазалар.

Сенімгерлік басқаруға беру тәртібін сақтау.

Аппарат қызметкерлері арасында мүліктерін сенімгерлік басқаруға берген 1 қызметкер *(қазіргі таңда ол басқа қалаға көшеуіне байланысты жұмыстан босатылды)*.

Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы мен мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі талабын сақтауы.

Ақтау қаласы әкімінің аппараты бойынша мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) мәтіні мемлекеттік және ресми тілде баршаға көрінетін жерде орналастырылуы қамтамасыз етілген. Әдеп Кодексінің бақылау кітабы арналған. Әдеп кодексінің бақылау кітабында мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексінің талаптарын бұзу 2 -қызметші.

Мемлекеттік қызметшілерді оқыту.

Талдау уақыты аралығында ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару Академиясынынң Маңғыстау облысы бойынша филиалында 32 мемлекеттік қызметші біліктілігін арттырудан, 29 мемлекеттік қызметші қайта даярлаудан өткен.

Іс-құжаттарын жүргізу

Мемлекеттік қызметшілердің жеке іс-құжаттарында қызметтік тізімдері, өтініштері, білім туралы құжаттары, еңбек кітабының көшірмесі, бұйрықтардың көшірмелері толықтырылып жинақталған. Табыс туралы декларациясын тапсырғандығы жөніндегі анықтамалары, мемлекеттік қызметкерлердің қызметте болуға байланысты шектеулері, арнайы тексерудің анықтамасы және қызметкерлердің анты тігілген.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің жеке іс-құжаттары Е-қызмет электрондық жүйесіне енгізілген.

II.Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

Мемлекеттік көрсетілтін қызметтер тізіліміне сәйкес Ақтау қаласының әкімдігімен көрсетілуі тиіс қызметтер түрі – 58 (62 кіші топ).

2025 жылы қала әкімдігіне қарасты мемлекеттік қызмет көрсететін Өмірзақ ауылы әкімдігі, Ақтау қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы РММ және 9 мемлекеттік мекеме арқылы 64 (ЖАО-5, ХҚКО-26, Эл-53) мемлекеттік қызмет түрі бойынша - **55424** қызмет көрсетілді.

Оның ішінде *Мемлекеттік орган арқылы* қағаз түрінде – 37, *«электрондық үкімет» веб порталы және (немесе) мемлекеттік корпорация* арқылы көрсетудің мүмкіндігі бар мемлекеттік қызметтердің мемлекеттік орган арқылы көрсетілгені – 2835, халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы - 27369, электрондық портал арқылы - 25220 қызмет көрсетілді.

Бас тартылғандар саны - 11516, оның ішінде электрондық түрінде – 7791, қағаз түрінде - 3725.

Мемлекеттік қызметтерді электрондық түрде алудың тиімділігі және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында қала тұрғындарына 2025 жылы 72 түсіндіру іс-шарасы (қатысушылар саны – 310) өткізілді.

Қазіргі таңда қала аумағында 42 (28 білім беру ұйымдарында, Ақтау қаласы әкімдігінің сервис орталығы - 2, Ақтау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ғимаратында - 10, Өмірзақ ауылы әкімдігі - 1, Ақтау қалалық орталық кітапханасында - 1) өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары жұмыс жасап тұр. 2025 жылы өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары арқылы 143 қызмет көрсетілді.

Ішкі бақылау жұмыстары туралы

2025 жылға арналған мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі бақылау іс-шараларының жоспарына сәйкес 7 мемлекеттік мекемеге ішкі бақылау шарасы жүргізілді.

Ішкі бақылаудың нәтижесіне сәйкес: анықталған бұзушылықтардың саны - 511 Оның ішінде:

1) Негізсіз бас тартуы- 5;

2) Құжаттар пакетінің толық болмауы - 5;

3) Артық құжаттарды талап ету - 19;

4) Бизнес-процестің бұзылуы (өтініштердің уақытылы тіркелмеуі, тыңдау жұмыстарының жүргізілмеуі, бөлім басшысы болмаған кезінде ЭЦҚ пайдалануы)-446;

5) Өзге де бұзушылықтар (бас тарту кезінде толық, нақты мәтінде жауап жолдамаған, ай сайын ұсынатын есептілігінің дұрыс болмауы, ресми сайттарға қызметтері туралы ақпарат орналастырмаған,) – 33.

6. Мерзім бұзушылық – 3.

Анықталған кемшіліктерді жою және алдағы уақыта болдырмау мақсатында 60 ұсыным жолданып, орындалды.

Қызмет көрсету кезінде заң бұзушылықтарға 6 жауапты мамандарға «Ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылды.

Қоғамдық мониторинг

2025 жылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу үшін жергілікті бюджеттен 1 млн. теңге бөлінді. Мемлекеттік сатып алу порталында конкурс жарияланып, нәтижесі бойынша жеңімпаз болып жеке

кәсіпкер «Ақын Алия» танылды. Әлеуметтік зерттеу жұмыстары 6 мемлекеттік қызмет түрлеріне жүргізілді.

Қорытынды мен ұсынымдар:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарының алдын-алу, насихат жұмыстарын жандандыруға;

2. Ішкі талдау нәтижесі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша жұмыс тобының жетекшісіне ұсыныстар енгізуге.

«Бекітемін»
Өмірзақ ауылының әкімі
_____ Б. Кенжалиев
«___» ____08____ 2026 ж.
№_____өкіміне қосымша

«Өмірзақ ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау туралы ақпарат

Талдауда қамтылған кезең: 2025 жылдың есепті кезеңі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» № 410-V ҚРЗ Заңының 8 бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, жұмыс тобының төрағасы ауылының әкімі Б. Кенжалиев және жұмыс тобының мүшелері: Ақтау тұрғын үй КМК директоры – А.Сарсенгалиев және ауыл әкімінің орынбасары Ғ.Молдағали , бас мамандары – А.Еміл, хатшысы - М. Мусаев. 2025 жылдың есепті мерзімі бойынша мекеменің атауы: «Өмірзақ ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ішкі талдау жүргізді. Мекемеге бағынысты мекеме «Ақтау тұрғын үй» КМК.

1. Мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Персоналды басқару, штат, кадрлардың ауысуы.

Ақтау қаласы әкімдігінің 15.07.2024 жылғы № 11-07-1811 қаулысы негізінде Мекеменің құрылымы мен штаттық саны 15 бірлік болып бекітілді.

№	Лауазымдардың атауы	Штаттық бірлік саны	Лауазымдардың санаты	Санаттар	Функционалдық блог
1	Ауыл әкімі	1	1	E-R-1	A
2	Ауыл әкімінің орынбасары	1	1	E-G-1	A
3	Бас маман	1	1	E-G-3	A
4	Бас маман	1	1	E-G-3	A
5	Бас маман	1	1	E-G-3	A
6	Бас маман	1	1	E-G-3	A

7	Бас маман	1	1	E-G-3	B
8	Техникалық персонал	8	8		
	Барлығы:	**15 бірлік**	**15 бірлік**		

Қазіргі таңда, мекеменің штаты саны **15 бірлікті** (7 мемлекеттік және 8 азаматтық қызметші) құрап отыр. Мекемеде мемлекеттк қызметшілер бойынша бос орын жоқ, техникалық персонал бойынша толықтай жабдықталған.

«Ақтау тұрғын үй» КМК штаттық кесте бойынша 127 бірлік, оның ішінде 49-ға жуығы маусымдық жұмыс орны, қазіргі нақты штат саны 54 бірлік.

Міндетті арнайы тексеруден өту тәртібін сақтау.

Тексеру барысында қызметкерлердің жеке істерінде міндетті арнайы тексеру нәтижелері толығымен тігілген, жаңадан тағайындалған тұлғалардың құжаттары міндетті арнайы тексеруге уақытылы жолданылған.

«Ақтау тұрғын үй» КМК қызметкерлерінің жеке істерінде тиісті құжаттары толықтай тігілген.

Тәлімгерді тағайындау бойынша.

Талдау уақыты аралығында Мемлекеттік мекемеде бір мемлекеттік қызмет лауазымына алғаш рет қабылданған қызметкерге тәлімгер болып бас маман Молдағали Ғабиден Дәулетұлы тағайындалған.

Тағылымдамадан өту бойынша.

Талдау уақыты аралығында Мемлекеттік мекемеде тағлымдамадан бір мемлекеттік қызметші өтті. Ақтау қаласы аппараты басшысының 31.01.2025 жылғы №5 «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тағылымдамадан өту кестесін бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес «Бейнеу ауылы әкімінің аппараты» ММ-де тәжірибе алмасу мақсатында маусымның 2-6 күндері аралығында ауыл әкімінің орынбасары Ж.Көңілімқосов тағылымдамадан өтті.

Мүдделер қақтығысы мәселелері.

Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруда мүдделер қақтығысы орын алмағандығы анықталды. Мемлекеттік қызметшілермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылданған. Мемлекеттік мекемеде ерлі-зайыптылар, қызметкерлердің бір-біріне жақын туысқандарының қызмет атқаруы анықталған жоқ.

Мекеменің мемлекеттік сатып алу рәсімінің жүргізілуін қамтамасыз ету бас маман Р. Қуанышбековаға жүктелген. Мемлекеттік сатып алуды өткізу барысы мемлекеттік сатып алудың бірыңғай электронды порталы арқылы жүзеге асырылады. Жылдық жоспар бойынша мемлекеттік мекеменің негізгі функцияларын қамтамасыз ету мақсатында қажетті тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V ҚРЗ Заңын басшылыққа ала отырып жүзеге асырылады. Мемлекеттік сатып алу шарттары, шот-фактура, жөнелтпе құжаттары электронды нысанда рәсімделеді. Талдау барысында мемлекеттік сатып алу кезеңінде лауазымды тұлғалардың бірігуі, белгілі бір тұлғалардың мүдделерінің жақталуының орын алуы, алдын ала сөйлесу, сөз байласу тәуекелдері анықталған жоқ. Мемлекеттік сатып алу рәсімдері ашықтық, жариялылық, барлық тараптарға теңдік дәреже принципіне негізделіп «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚРЗ қағидаларына негізделген.

Мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жазаға тарту тәртібін сақтау.

Есепті мерзімде мекеменің мемлекеттік қызметшілері тәртіптік жазаға тартылған бір қызметкер бар. Ауыл әкімі Б.Кенжалиевке 07.04.2025ж күні ескерту түріндегі тәртіп жаза берілді. Маңғыстау облысының әкімі аппаратының 18.03.2025 жылғы №07-06-1914 хаты, «Ақтау қаласы әкімі аппараты» ММ-нің мемлекеттік қызмет көрсетуді монторингілеу бөлімінің басшысы Ш.Сармуханованың қызметтік хаты.

Сенімгерлік басқаруға беру тәртібін сақтау.

Мекеменің қызметкерлерімен мүліктер сенімгерлік басқаруға берілмеген, яғни қызметшілердің жеке істерінде сенімгерлік басқаруға бергендігі туралы ешқандай мәліметтер анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы мен мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі талабын сақтауы.

Мекеменің мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) мәтіні мемлекеттік және ресми тілде баршаға көрінетін жерде орналастырылуы қамтамасыз етілген. Әдеп Кодексінің бақылау кітабы арналған. Әдеп кодексінің бақылау кітабында мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексінің талаптарын бұзу фактісі тіркелмеген.

Мекеменің барлық мемлекеттік қызметшісі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті дайындаған Мемлекеттік қызметшілердің әдеп негіздерін сақтауы жөніндегі міндеттеме ДЕКЛАРАЦИЯСЫН қабылдады.

Профилактикалық бақылау, тексеру жұмыстарына білікті мамандар тартылады. Әрбір бақылау шараларына шығар алдында Бөлім басшысының алдында Әдеп жөніндегі уәкілдің қатысуымен мемлекеттік қызметшілер мен тексерушілерге кеңес өткізіледі. Онда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және барлық қызметті адал атқару түсіндіріледі.

Мемлекеттік қызметшілерді оқыту.

Талдау уақыты аралығында 3 - мемлекеттік қызметші біліктілігін арттыру, қайта даярлау курстарынан өтті.

Олар: Бас маман Н. Кәдірбеков 2025 жылдың 27 қаңтар 14 ақпан аралығында ««Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметіне алғаш кірген мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау» курсына қатысты.

Ауыл әкімі Б. Кенжалиев 2025 жылдың 17 ақпан 13 мамыр аралығында өткен «Ауыл әкімдерін арнайы қайта даярлау» тақырыбында қайта даярлау курсына қатысты.

Бас маман Р. Куанышбекова 2025 жылдың 7-25 сәуір аралығында ««Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметіне алғаш кірген мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау» курсына қатысты.

Іс-құжаттарын жүргізу

Мемлекеттік қызметшілердің жеке іс-құжаттарында қызметтік тізімдері, өтініштері, білім туралы құжаттары, еңбек кітабының көшірмесі, бұйрықтардың көшірмелері толықтырылып жинақталған. Табыс туралы декларациясын тапсырғандығы жөніндегі анықтамалары, мемлекеттік қызметкерлердің қызметте болуға байланысты шектеулері, арнайы тексерудің анықтамасы және қызметкерлердің анты тігілген. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің жеке іс-құжаттары *Е-қызмет* электрондық жүйесіне енгізілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

Мемлекеттік мекеме тарапынан 2-мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

Олар: «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі.

«Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» - "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы құжаттар пакетін тапсырған күннен бастап - 13 (он үш) жұмыс күн мерзімде көрсетіледі.

«Атаулы әлеуметтік көмек» (АСП) мемлекеттік қызметі көрсетіледі.
Мемлекттік көрсетілетін қызметте сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдері жоқ.

Мекеменің бақылау функциялары.

1. Мемлекеттік бақылаудың негізгі түрлері:

мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекіту;

мемлекеттік органның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

мемлекеттік мекемені ұстауға жұмсалатын шығындар жоспарын бекіту;

Ақтау қаласы әкімдігі мен мәслихатына ауылдың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасын бекіту үшін жоспарды және т.б. мәселелерді ұсыну;

ауылдың коммуналдық, әлеуметтік қызметін және төтенше жағдайларын алдын алуды ұйымдастыру және қадағалау;

балабақшалардың қызметін ұйымдастыру;

мемлекеттік мекеменің шаруашылық қаражат қызметінің бухгалтерлік есебін жүргізу;

бухгалтерлік есеп туралы заңнамаға сәйкес ұйым қызметінің құрылымы мен ерекшеліктеріне, оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттілігіне негізделе отырып есеп саясатын қалыптастыру;

мемлекеттік сатып алу жұмыстарын жүргізу;

мемлекеттік мекеме теңгеріміне жылжымайтын мүлік және жабдықтарды тіркеу;

елді мекен шегінде жер қатынастары, сәулет, құрылыс мәселелері бойынша қызметтерді реттеуді жүзеге асыру;

елді мекендерді аббаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

елді мекен шегінде заңсыз құрылыстар мен жер учаскелерін басып алу фактілерін анықтау бойынша мониторинг жүргізу;

елді мекеннің коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын, иесіз қалған тұрғын үйлерді мемлекет меншігіне қайтарылуын, автомобиль жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөнделуін және күтіп ұсталуын қамтамасыз ету;

«Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кейін үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну» және «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызметтер бойынша ай сайынғы көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасына ішкі бақылау нәтижелері бойынша есебін жүргізу және уақытылы ұсыну;

«Ақтау тұрғын үй» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның қызметін ұйымдастыруды қадағалау;

елді мекен шегінде шаруа мен ферма қожалықтарын ұйымдастыруға және кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдесу;

ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуды және әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру;

ауылдағы ветеринария жұмыстарын ұйымдастыру;

ауылдағы тұрғындар санының есебін және статистика жұмыстарын ұйымдастыру;

ауылда бұқаралық спортты дамыту, дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органдармен және мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мүгедектер арасында сауықтыру және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен азаматтық хал актілерін тіркеуді ұйымдастыру;

жұмыс тәртібі мен қызметтік этика талаптарының орындалуын қамтамасыз ету және бақылау;

ішкі саясат, әлеуметтік-мәдени және жастар саясаты, діни ұйымдардың әртүрлі партиялық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының әкіммен келісіп өзара іс-қимыл жасаудың іске асырылуын бақылау;

әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу;

«Өмірзақ ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесін цифрландыру бойынша тиісті шараларды қабылдау;

сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәдениетті қалыптастыру;

заңмен белгіленген өзге де функцияларды орындау.

ҚОРЫТЫНДЫ, ҰСЫНЫМДАР:

1. «Өмірзақ ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдері анықталған жоқ.
2. Мемлекеттік мекемеде сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдері анықталған жағдайда тиісті заң талаптарына сәйкес жұмыстар жасау.

Жұмысшы тобының төрағасы **Б. Кенжалиев**

Мүшелері: **А. Сарсенгалиев**

Ғ. Молдағали

А. Еміл

Хатшысы **М. Мусаев**

«БЕКІТІЛДІ»
«Ақтау қалалық құрылыс бөлімі» ММ басшысы
Е. Габдолов _____
«08» 08 2026 жылы
№ 03-02-22 бұйрыққа
Қосымша

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Ақтау қалалық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары туралы ақпарат

Ақтау қаласы **08.08.2026 жыл**

Кіріспе бөлім:

Ақтау қалалық құрылыс бөлімінің 22.06.2026 жылғы №03-02-22 бұйрығымен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Талдауда қамтылған кезең: 2025 жылдың қорытындысы.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» № 410-V ҚРЗ Заңының 8 бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, жұмыс тобының жетекшісі Е. Габдолов және жұмыс тобының мүшелері, Р. Калымова, Е. Утебалиев 2026 жылдың есепті мерзімі бойынша «Ақтау қалалық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі ішкі талдау жүргізді. Мекемеге бағынысты мекеме жоқ.

Сипаттама бөлігі:

Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау

Әкімнің 2025 жылғы 24 ақпан №11-07-600 қаулысы негізінде Мекеменің құрылымы мен штаттық саны төмендегідей болып бекітілді.

«Ақтау қалалық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штаттық саны 19 бірлікті құрайды.
Бөлім басшысы – 1,
Басшы орынбасары – 1,
Секторының меңгерушісі – 3,
Бас маман – 6,
Техникалық қызметкерлер – 7 бірлікті құрайды. 2026 жылдың 1- жарты жылдығы есепті мерзімінде 2 адам қызметке қабылданды.

№	Лауазымдардың атауы	Штаттық саны, бірлікте	Лауазымдардың санаты
1	Бөлім басшысы	1	E-R-1
2	Басшы орынбасары	1	E-R-2
3	Елді мекендерді ұйымдастыру және құрылысын салу секторының меңгерушісі	1	E-R-3
4	Бухгалтерлік есеп және есеп беру секторының меңгерушісі	1	E-R-3
5	Мемлекеттік сатып алу секторының меңгерушісі	1	E-R-3
6	Елді мекендерді ұйымдастыру және құрылысын салу секторының бас маманы	1	E-R-4
7	Елді мекендерді ұйымдастыру және құрылысын салу секторының бас маманы	1	E-R-4
8	Бухгалтерлік есеп және есеп беру секторының бас маманы	1	E-R-4
9	Мемлекеттік сатып алу секторының бас маманы	1	E-R-4
10	Мемлекеттік сатып алу секторының бас маманы	1	E-R-4
11	Мемлекеттік сатып алу секторының бас маманы	1	E-R-4
12	Техникалық қызметкерлер	6	C2
	Басшының хатшысы	1	D1
Барлығы:		18	17

Бөлім Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік қызмет туралы» және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген «Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Заңдарын басшылыққа алып жұмыс жасайды. Кадрлық іріктеу және бос орындарға конкурс жариялау «Ақтау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі арқылы жүргізіледі.

2025 жылдың 1 жартыжылдың есептік мерзімінде 5 адам жұмысқа қабылданады;

- Истомина А.А. – бас маман,
- Утебалиев Е.Е. – сектор меңгерушісі,
- Акимов Е.Н. - бас маман.

II жартыжылдықтың есептік мерзімінде 2 қызметкер жұмысқа орналасты;

Оңғарова С.Қ. – бас маман,

Габдолов Е.Г. – бөлім басшысы.

Ішкі талдау жүргізілген 2025 жылғы 04-08 тамыз аралығында тағылымдамадан елді мекендерді ұйымдастыру және құрылысын салу секторының бас маманы Әлия Абдулмажитқызы Сейітова Шымкент қаласының әкімдігі «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінде өтіп келді.

Бөлім қызметкерлері 2025 жылға біліктілік пен қайта даярлаудан өтті:

1. Шугаев А.М. – басшы орынбасары;
2. Утебалиев Е.Е. – сектор меңгерушісі;
3. Калымова Р.А. – сектор меңгерушісі;
4. Сейітова А.А. – бас маман;
5. Қылышбай С.А. – бас маман.

1. Елді мекендерді ұйымдастыру және құрылысын салу секторы

2025 жылы елді мекендерді ұйымдастыру және құрылысын салу секторының жұмысы Ақтау қаласының құрылыс саласын дамытуға, құрылыс объектілерін іске асыруды ұйымдастыруға және қаланың әлеуметтік, инженерлік және көліктік инфрақұрылымын дамытуға бағытталды.

Есепті кезеңде сектор тарапынан құрылыс объектілері бойынша ұйымдастыру, жобаларды іске асыру барысын бақылау, тиісті мемлекеттік органдармен және мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ құрылыс саласына қатысты мәселелерді қарау жұмыстары жүргізілді. Қала аумағында жаңа тұрғын үй және инфрақұрылымдық объектілерді дамытуға байланысты жобаларды іске асыруға қажетті ұйымдастырушылық жұмыстар қамтамасыз етілді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша секторға жүктелген негізгі міндеттер орындалып, Ақтау қаласының құрылыс саласын одан әрі дамытуға және қалалық инфрақұрылымды жетілдіруге бағытталған жұмыстар жалғастырылды.

2. Мемлекеттік сатып алу секторы

2025 жылы мемлекеттік сатып алу секторының қызметі бөлімнің құрылыс объектілері бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес сатып алуды ұйымдастыруға бағытталды.

Есепті кезеңде мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарларын іске асыру, сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру, конкурстық және өзге де сатып алу рәсімдерін өткізу, шарттарды жасасу және олардың орындалуына байланысты жұмыстарды сүйемелдеу қамтамасыз етілді.

«Ақтау қалалық құрылыс бөлімі» ММ мемлекеттік сатып алу порталында мемлекеттік тапсырыс беруші және ұйымдастырушы ретінде тіркелген. 2025 жылы бөлім бойынша мемлекеттік сатып алу рәсімдері тұрақты жүргізіліп, сатып алу процесінің ашықтығы мен заңнама талаптарының сақталуына басымдық берілді.

Жалпы, 2025 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік сатып алу секторы бөлімнің құрылыс жобаларын іске асыру үшін қажетті сатып алу

рәсімдерін ұйымдастыру және сүйемелдеу бойынша өзіне жүктелген міндеттерді орындады.

Мүдделер қақтығысын реттеу

Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруда мүдделер қақтығысы орын алмады. Мемлекеттік қызметшілермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылданған. Бөлімде ерлі-зайыптылар, қызметкерлердің бір-біріне жақын туысқандарының қызмет атқаруы анықталған жоқ.

Тәлімгерді тағайындау бойынша

Талдау уақыты аралығында мемлекеттік қызмет лауазымына алғаш рет қабылданған тұлғалар: Успанов Аян Сабыржанович

Тәлімгер: Сатова Айнур Абайқызы

Мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жазаға тарту тәртібін сақтау.

Есепті мерзімде «Ақтау қалалық құрылыс бөлімі» ММ мемлекеттік қызметшілері тәртіптік жазаға тартылған жоқ.

Сенімгерлік басқаруға беру тәртібін сақтау

Ақтау қалалық құрылыс бөлімі қызметкерлерімен мүліктері сенімгерлік басқаруға берілмеген, яғни қызметшілердің жеке істерінде сенімгерлік басқаруға бергендігі туралы ешқандай мәліметтер анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызметтер көрсету

«Ақтау қалалық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қызметтер көрсетілмейді.

Рұқсат беру функцияларын іске асыру

«Ақтау қалалық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Ақтау қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 24 желтоқсандағы 11-07-600 қаулысымен қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес іске асырады.

«Ақтау қалалық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне белгілі бір қызмет үшін рұқсат беру функциялары қарастырылмаған.

Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру

«Ақтау қалалық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Ақтау қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 24 желтоқсандағы 11-07-600 қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес бақылау-тексеру функцияларын іске асырады.

1) Ақтау қаласы аумағында құрылыс жұмыстарын мемлекеттік реттеу әдістерін әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындау;

1) Қазақстан Республикасында құрылыс, сәулет және қала құрылысы мәселесі бойынша мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу және жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау;

2) Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді бағдармаларын әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындау;

3) құрылыс инфрақұрылымы, тұрғын үй құрылысы саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

4) жобалау және құрылыс мердігерлерімен шарттар жасасу;

5) жасалған шарттарға сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қаржыландыру;

6) мердігермен жасасылған шарттық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;

7) салынып біткен объектілерді пайдалануға беру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

8) қайтарымдылық негізінде бөлінген қаражаттың есепке алынуы мен қайтарылуын қамтамасыз ету;

9) құрылыстың барлық кезеңдерінде құрылыс процесіндегі тапсырыс берушінің техникалық қадағалауын және жоба әзірлеушінің авторлық қадағалауын ұйымдастыру жөніндегі функцияларды жүзеге асыру;

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәдениетті қалыптастыру;

Заңмен белгіленген өзге де функцияларды орындау.

3. Бухгалтерлік есеп және есеп беру секторы

2025 жылы бухгалтерлік есеп және есеп беру секторының жұмысы бөлімнің қаржылық-шаруашылық қызметін бухгалтерлік есепке алу, бюджет қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету, қаржылық есептілікті қалыптастыру және белгіленген мерзімдерде тиісті есептілікті ұсыну бағыттарында жүргізілді.

Есепті кезеңде бюджет қаражатының қозғалысына бухгалтерлік есеп жүргізу, қабылданған міндеттемелер мен төлемдерді есепке алу, еңбекақы төлемдерін және өзге де қаржылық операцияларды жүргізу, сондай-ақ белгіленген тәртіппен қаржылық және бюджеттік есептілікті дайындау жұмыстары қамтамасыз етілді.

Сектор тарапынан қаржылық тәртіпті сақтау, бухгалтерлік есептің дұрыстығын қамтамасыз ету және есептілік көрсеткіштерінің белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыстар атқарылды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша бухгалтерлік есеп және есеп беру секторы бөлімнің қаржылық қызметін есепке алу мен есептілікті қалыптастыру бойынша негізгі міндеттердің орындалуын қамтамасыз етті.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

Мемлекеттік сатып алуды өткізу барысы мемлекеттік сатып алудың бірыңғай электронды порталы арқылы жүзеге асырылады. Жылдық жоспар бойынша мемлекеттік мекеменің негізгі функцияларын қамтамасыз ету мақсатында қажетті тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V ҚРЗ Заңын басшылыққа ала отырып бір көзден алу және бағалық ұсыныстарды сұрату тәсілдерімен сатып алу жүзеге асырылған. Мемлекеттік сатып алу шарттары, шот-фактура, жөнелтпе құжаттары

электронды нысанда рәсімделеді. Талдау барысында мемлекеттік сатып алу кезеңінде лауазымды тұлғалардың бірігуі, белгілі бір тұлғалардың мүдделерінің жақталуының орын алуы, алдын ала сөйлесу, сөз байласу тәуекелдері анықталған жоқ. Мемлекеттік сатып алу рәсімдері ашықтық, жариялылық, барлық тараптарға теңдік дәреже принципіне негізделіп «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚРЗ қағидаларына негізделген.

Қосымшалар

1.«Ақтау қалалық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдері анықталған жоқ.

2.Мемлекеттік мекемеде сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдері анықталған жағдайда тиісті заң талаптарына сәйкес жұмыстар жасау.

Жұмыс тобының жетекшісі: **Е.Г. Габдолов**

Жұмыс тобының мүшелері: **Е.Е. Утебалиев**

Р.А. Калымова

«БЕКІТІЛДІ»
«Ақтау қалалық тұрғын үй инспекциясы»
ММ-нің басшысы
_____ Р.А. Жукенов
«_24_» _Маусым_ 2026 ж
№ _22 НҚ_ бұйрыққа
Қосымша

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау туралы ақпарат

Ақтау қаласы **14.08.2026жыл**

Талдауға қамтылған кезең: 2025 жылдың қорытындысы.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410-V ҚРЗ Заңының 8 бабының 5-тармағына және Қазақстан Респбликасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, жұмыс тобының жетекшісі Р. Жукенов және жұмыс тобының мүшелері Б. Омарова, Ж. Бердиев, Т. Кулбаев.

1. Мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Персоналды басқару, штат, кадрлардың аусуы

Әкімнің 2018 жылғы 04 маусым №1150 қаулысы негізінде Мекеменің құрылымы мен штаттық саны төмендегідей болып бекітіледі.

№	Лауазымдардың атауы	Штаттық саны, бірлікте	Лауазымдардың санаты
1	Бөлім басшысы	1	E-R-1
2	Сектор меңгерушісі	1	E-R-3
4	Бас маман	3	E-R-4

Мекеменің құрылымы мен штаттық саны 5 бірлікті құрайды,. 2025 жылдың желтоқсан айында 2 бас маман тағайындалды. Олар бас мамандар: Ж.С. Бердиев және Т.Т. Кулбаев.

Міндетті арнайы тексеруден өту тәртібін сақтау.

Тексеру барысында қызметкерлердің жеке істерінде міндетті арнайы тексеру нәтижелері толығымен тігілген, жаңадан тағайындалған тұлғалардың құжаттары міндетті арнайы тексерудің арнайы тексеруге уақытылы жолданылған.

Тәлімгерді тағайындау бойынша

Тәлімгер ретінде 2025 жылдың желтоқсан айында тағайындалған Жансерік Сырымұлы Бердиевке тәлімгер Баян Турганбаевна Омарова болып тағайындалды.

Мүдделер қақтығысы мәселелері.

Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруда мүдделер қақтығысы орын алмағандығы анықтады. Мемлекеттік қызметшілермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылданған.Мемлекеттік мекемеде ерлі-зайыптылар, қызметкерлердің бір-біріне жақын туысқандарының қызмет атқаруы анықталған жоқ.

Мемлекеттік сатып алуды өткізу барысы мемлекеттік сатып алудың біріңғай электронды порталы арқылы жүзеге асырылады. Жылдық жоспар бойынша мемлекеттік мекеменің негізгі функцияларын қамтамассыз етумақсатында қажетті тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V ҚРЗ Заңын басшылыққа ала отырып, біз көзден алу және бағалық ұсыныстарды сұрату тәсілдерімн сатып алу жүзеге асырылған. Мемлекеттік сатып алу шарттары, шот-фактура, жөнелтпе құжаттары электронды нысанда рәсімделеді. Талдау барысында мемлекеттік алу кезеңінде лауазымды тұлғалардың бірігуі, белгілі бір тұлғалардың мүдделерінің жақталуының орын алуы, алдын ала сөйлесу, сөз байласу тәуекелдері анықталған жоқ. Мемлекеттік сатып алу рәсімдері ашықтық, жариялық, барлық тараптарға теңдік дәреже принципіне негізделіп «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚРЗ қағидаларына негізделген.

Талдау жүргізілу кезеңінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға бөлінген мемлекеттік қаражатты пайдалану барысында жүргізілген мониторинг нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің қандайда бір көріністері анықталған жоқ. Мемлекеттік сатып алу рәсімдері қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүргізілген. Барлық сатып алу процесінде ашықтық, жариялылық және әділ бәсекелестік қамтамасыз етілген.

Жүргізілген талдау қорытындысы кәсіпорындағы мүдделер қақтығысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау

нәтижесінде заң бұзушылықтар анықталған жоқ. Мүдделер қақтығысын болдырмауға бағытталған талаптар жүйелі түрде орындалуда.

Мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жазаға тарту тәртібін сақтау.

2025 жылы Аслан Сапаұлы Сәбитовке, Айдар Орынғалиұлы Ыбрайға және Лаззат Аманқызы Бекеноваға ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

Сенімгерлік басқаруға беру тәртібін сақтау.

Мекеме қызметшілермен мүліктерді сенімгерлік басқаруға берілмеген, яғни қызметшілердің жеке істерінде сенімгерлік басқаруға бергендігі туралы ешқандай мәліметтер анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы мен мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі талабын сақтауды.

Мекемеде мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) мәтіні мемлекеттік және ресми тілде баршаға көрінетін жерде орналастырылуы қамтамасыз етілген. Әдеп Кодексінің бақылау кітабы арналған. Әдеп кодексінің бақылау кітабында мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексінің талаптарын бұзу фактісі тіркелмеген.

Мекеменің барлық 5 мемлекеттік қызметшісі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті дайындалған Мемлекеттік қызметшілердің әдеп негіздерін сақтауы жөніндегі міндеттеме декларациясын қабылдады.

Профилактикалық бақылау, тексеру жұмыстарына білікті мамандар тартылады. Әрбір бақылау шараларына шығар алдында Мекеме басшысының алдында Әдеп жөніндегі уәкілдің қатысуымен мемлекеттік қызметшілер мен тексерушілерге кеңес өткізіледі. Онда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және барлық қызметті адал атқару түсіндіріледі.

Мемлекеттік қызметшілерді оқыту.

Талдау уақыты аралығында 1 мемлекеттік қызметші біліктілігін арттырудан өтті. Және де 2 мемлекеттік қызметші тағылымдамадан өтті.
Олар: Басшы Н.Кучербаев Маңғыстау облысындағы «ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК филиалында біліктілік арттыру курсынан өтті. Тағылымдамадан бас мамандар А. Ыбрай Шымкент қаласынан және Л. Бекенова Маңғыстау облысы Әділет департаментінен өтті.

Іс-құжаттарын жүргізу.

Мемлекеттік қызметшілердің жеке құжаттарында қызметтік тізімдер өтініштері білімі туралы құжаттары, еңбек кітабының көшірмесі бұйрықтардың көшірмелері толықтырылып жинақталған. Табыс туралы декларациясын тапсырғандығы жөніндегі анықтамалары, мемлекеттік қызметкердің қызметте болуға байланысты шектеулері, арнайы тексерудің анықтамасы және қызметкерлердің анты тігілген. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің жеке іс-құжаттары Е-қызмет электрондық жүйесіне енгізілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер.

«Ақтау қалалық тұрғын үй инспекциясы» мемлекеттік мекемесінде 2 қызмет түрі көрсетіледі. Олар: қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасына келісу.

Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою жөнінде 2025 жылға 94 өтініш келіп түскен, оның ішіне 4 өтініш кері қайтарылған 10 өтініш иесі өтініш қайтарып алған 80 өтініш қабылданып, қауіпті техникалық құрылғылар орнатылған.

III Мекеменің бақылау функциялары

Мемлекеттік бақылаудың негізгі түрлері:

1. Мекеме құзіретінде бақылау функциялары жоқ.
2. «Ақтау қалалық тұрғын үй инспекциясы» мемлекеттік мекемесі қаулы және ереже бойынша қызметтерін жүзеге асырады.

Қаржылық-шаруашылық қызмет бойынша жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесінде қандай да бір заң бұзушылықтар анықталған жоқ. Қаржы және мүлікке байланысты рәсімдер заңнама мен ішкі бақылау талаптарына толық сәйкес келеді.

Қорытынды, Ұсынымдар:

1. Жалпы талдамалық анықтама бойынша бөлім қызметкерлерін ішкі талдау барысында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
2. Мекеме қызметінде сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдері жоқ. Ішкі талдау бойынша сыбайлас жемқорлық анықталған жоқ.

Жұмысшы тобының төрағасы Р. Жукенов

Мүшелері Б.Т. Омарова
Т.Т. Кулбаев
Ж.С. Бердиев

Хатшы Л. Бекенова

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Ақтау қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстарына

Ақтау қаласы **03.08.2026 жыл**

Кіріспе бөлім:

Ақтау қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің 24.06.2026 жылғы №34/1 бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдаудың жүргізу мерзімі ағымдағы жылдың шілде айының 1 бастап шілде айының 31 қоса алғанда аралығында.

Ішкі талдаудың жүргізу кезеңі 2025 жылдың қаңтар айының 1–нен бастап 31 желтоқсан.

Ішкі талдауды жүргізуге уәкілетті тұлғалар:

Н.С. Сайлаубаев – Ақтау қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі басшысы;

Н.Е. Айса – Ақтау қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің үлескермен жұмыс секторының меңгерушісі;

А.А. Атымтай – Ақтау қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің сәулет қала құрылысы секторының бас маманы;

Сипаттама бөлігі:

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау

«Ақтау қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі бөлім) құрылымы мен штаттық саны 16 бірлікті құрайды,

Бөлім басшысы – 1,
Бөлім басшысының орынбасары – 1,
Сектор меңгерушісі – 2,
Бас маман – 4,
Техникалық қызметкерлер – 8 бірлікті құрайды.

Бөлім Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік қызмет туралы» және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген «Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Заңдарын басшылыққа алып қызмет атқарды.

Есепті кезеңде бөілм басшысы Н.С. Сайлаубаев, сонымен қатар сәулет–қала құрылысы секторының бас мамандары Ә.К. Мұрымбай және А.А. Атымтай ескерту түрінде тәртіптік жазаға тартылды.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу

Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруда мүдделер қақтығысы орын алмады. Мемлекеттік қызметшілермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылданған. Бөлімде ерлі–зайыптылар,

қызметкерлердің бір–біріне жақын туысқандарының қызмет атқаруы анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Бөліммен 8 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер түрі көрсету көзделген. Олар: 1. «Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын беру/жою», 2. «Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну», 3. «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу», 4. «Үлескерлерден ақша тартуға рұқсат беру», 5. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шартының шотына үзінді көшірме беру», 6. «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешім шығару», 7. «Республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шегінде жер учаскесіне құқықтар алу», 8. «Объектілерді кейіннен кәдеге жатару (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру».

№	Мемлекеттік қызмет атауы	2025 жыл	2026 жыл 6 ай
1	«Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу»	763	422
2	«Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын беру/жою»	1126	618
3	«Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну»	1763	1014
4	«Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру»	44	29
5	«Республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шегінде жер учаскесіне құқықтар алу»	2096	239
6	«Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру»	4	1
7	«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шартының шотына үзінді көшірме беру»	1	0
8	«Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешім шығару»	493	83
	Барлығы	**6290**	**2406**

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

